

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 9)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Интернет желісін жүргізу және қосу жұмыстары (21 нүкте, қос розеткамен)	Мақсаты: Кеңсе немесе бөлме аумағында жоғары жылдамдықты және тұрақты интернет желісін ұйымдастыру. 21 нүктеге дейін UTP кабелі тартылып, әрқайсысына қос RJ-45 розетка орнатылады. Жалпы талаптар: - Интернет нүктелерінің саны: 21 дана - Әр нүктеде: қос RJ-45 розетка (dual port) - Байланыс стандарты: Ethernet 10/100/1000 Мбит/с Кабель талаптары: - Кабель түрі: UTP Cat.6 (немесе Cat.5e LSZH, толық мыс) - Қабықша: LSZH (Low Smoke Zero Halogen) - Коннекторлар: RJ-45 - Орташа ұзындық: 15–25 м әр нүктеге (жобаға сәйкес) Монтаж талаптары: - Кабель кабель-арна, гофра немесе қолданыстағы трасса арқылы жүргізіледі - Кабель тарту, кримпинг, розетканы қосу толық орындалады - Кабель трассасы эстетикалық және қауіпсіз түрде бекітіледі - Әр нүкте нөмірленеді (маркировка) Тестілеу: - Барлық 21 нүкте LAN-тестермен тексеріліп, жұмысқа қабілеттілігі расталады - Тестілеу нәтижесі акт арқылы тапсырылады Жеткізілім құрамына кіреді - UTP Cat.6 / Cat.5e LSZH кабелі - Қос RJ-45 розеткалары - Монтаж қораптары (подрозетниктер) - RJ-45 коннекторлары - Монтаж материалдары (кабель-арна, клипса, бекіткіштер) - Кабель тарту, қосу, кримпинг жұмыстары - LAN-тестермен тексеру - Маркировка - Тапсыру-қабылдау актісі Нәтиже 21 интернет нүктесі толық орнатылған, дұрыс жұмыс істейтін, тесттен өткен және желіге қосылған күйде тапсырылады.	21
	Барлығы		21



Қаржы және Халықаралық байланыстар вице-ректоры



М.Гиритлиоглу

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы



А.Айымбетова

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнында медициналық мақсаттағы бұйымды Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу туралы тіркеу куәлігінің болуы. Қазақстан Республикасында өндіруші сертификатталған сервистік инженерлері бар сервис орталығының болуы.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 100 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.
-

Жеткізу мерзімі

- 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін

